

Обучающие игры и развивающие программы – это интерактивные программы с игровым сценарием. Выполняя разнообразные задания в процессе игры, дети развивают тонкие двигательные навыки, пространственное воображение, память и, возможно, получают дополнительные навыки, например, обучаются работать на клавиатуре [3].

Педагогической практикой доказано, что применение информационных технологий на уроках облегчает отработку материала, способствует повышению познавательного интереса к предмету, развитию желания и умения учиться, даёт возможность осуществлять индивидуальный подход в обучении и позволяет объективно оценить знания учащихся.

Необходимо отметить, что основная образовательная ценность информационных технологий в том, что они позволяют создать неизмеримо более яркую мультисенсорную интерактивную среду обучения с почти неограниченными потенциальными возможностями, оказывающимися в распоряжении и учителя, и ученика.

К тому же, в отличие от обычных технических средств обучения информационные технологии позволяют не только насытить обучающегося большим количеством знаний, но и формировать их активную познавательную деятельность, развить интеллектуальные, творческие способности обучающихся, их умение самостоятельно приобретать новые знания, работать с различными источниками информации.

Литература:

1. Законе Республики Казахстан «Об информатизации» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 01.01.2023 г.)
2. Дергачева Л.М. Активизация учебной деятельности школьников при изучении информатики на основе использования дидактических игр. // Автореф. дис. канд. пед. наук. / М., - 2006.
3. Дворецкая А.В. Основные типы компьютерных средств обучения // Школьные технологии. – 2004. -№ 3. – С. 25-40.

**Кабдымананова А.Н., Махметова Ж.С.
«№2 лицейі» КММ, Қарағанды қ.**

ОҚУ ЖӘНЕ ЖАЗУ АРҚЫЛЫ ФУНКЦИОНАЛДЫ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Аннотация. Ұсынылып отырған мақалада 6-сынып оқушыларына арналған жұмыс дәптері талқыланады. Қарастырылатын жұмыс дәптеріндегі дидактикалық материалдар оқу бағдарламасының мазмұнын терең ашып, оқушы ұғымына, санасына түсінілуіне сай талдап беруді көздейді. Жұмыс дәптерінде іріктеліп алынған тапсырмалар оқулық жүйесіне негізделеді және оқушылардың өз бетінше шығармашылықпен жұмыс жасауын ұйымдастыруға көмектеседі.

Кілт сөздер: көркем әдебиет, оқу әрекеті, пікір білдіру, ақын-жазушы туындылары.

Оқыту қазақ тілінде емес мектептерде «Қазақ әдебиеті» пәнін оқытудың басты мақсаты – оқушыларды қазақ халқының көркем әдебиеті шығармаларымен таныстырып, соның негізінде жан-жақты тәрбие беру, шығармаларды оқыту барысында мемлекеттік тілде ауызша және жазбаша сөйлеу қабілетін, сын тұрғысынан ойлау арқылы оқушылардың оқу сауаттылығын арттыру. Сын тұрғыдан ойлау – бақылаудың, тәжірибенің, ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған ақпаратты ойлауға, бағалауға, талдауға және синтездеуге бағытталған пәндік шешім. Бұл әрекеттер болашақта әртүрлі жағдайларда дұрыс шешім қабылдауда негіз бола алады. Сын ойлаудың дағдылары бақылау, талдау, қорытынды жасау арқылы жүзеге асады. Қазіргі білім беру үрдісінде оқушылардың сын тұрғыдан ойлауды дамыту ең маңызды педагогикалық түсінікке айналды. Сын тұрғысынан ойлау стратегиялары оқушылардың еркін де, терең ойлауына, жан жақты жұмыс жасауына жол ашады. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту арқылы оқушының өз білімін қолдана алып, оның жемісін тез арада көре алады.

Әдебиет пәнінің маңыздылығы – оқушылардың шығармашылық түрде ойлау, өз бетінше іздену, өзіндік пікір жасау, түйіндеме шығару, әрі оны өмірмен байланыстыруға мүмкіндік беруінде. Жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес 2015 жылдан бастап «Қазақ тілі» пәні мен «Қазақ әдебиеті» пәні біріктірілгендіктен, біршама ақын-жазушылардың туындылары берілгенімен, олардың өмірбаяны мен еңбек жолы туралы ақпарат оқулықта толық қамтылмаған.

Оқу және жазу дағдыларын қалыптастыру мен арттыру мақсатында қазақ әдебиеті оқулығының тақырыптары негізінде жұмыс дәптері әзірленді. Өзге тілді мектептердегі «Қазақ әдебиеті» пәнін оқытудың басты мақсаты – пән стандартында атап көрсетілгендей қазақ әдебиетінің ақын-жазушыларымен және олардың үздік туындыларымен қазақ тілінде таныстыру арқылы қазақ әдебиеті туралы ұғым қалыптастырып, түсініктерін байыту, көркем әдеби мәтіндерді оқыту негізінде қазақ тілінде ауызша және жазбаша сөйлеу тілін дамыту, қазақ әдебиетін оқып, түсіне алуын қамтамасыз ететін тілдік негіз қалыптастыру болып табылады. Бір сөзбен айтқанда, қазақ әдебиетінің шығармалары мен кейіпкерлері орыс тілді ортаға түсінікті де жақын болуы тиіс.

Жұмыс дәптерінің мақсаты – қарапайым деңгей бойынша қазақ әдебиетін қатысымдық тұрғыдан меңгерту; айтылым, оқылым, жазылым, тілдесім әрекеттеріне сай оқушыны тілдік білім негізінде түсінікті сөйлеуге, зейінмен оқуға, сауатты жазуға үйрету.

Құралды дайындау барысында келесідей міндеттерге сүйендік:

Ауыз бен жазба әдебиеттің ерекшеліктері туралы алғашқы түсініктерін қалыптастыру;

Әдебиетті оқу және айтып беру қажеттіліктерін қалыптастыру;

Білімдерін пысықтау, бекіту.

Бұл жұмыс дәптерінің өзектілігі - 6-сыныптың «Қазақ тілі мен әдебиеті» оқулығындағы ақын жазушылардың туындылары берілгенмен, олардың өмірбаяны қамтылмаған. Жұмыс дәптерімен жұмыс істеу барысында айтылым, оқылым, жазылым дағдылары оңай түрде орындалады. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін аша түсіп білімдерін тереңдете түседі.

Берілетін білім:

- Ауыз әдебиеті үлгілерін білу.
- Оқыған шығарманың авторын білу.
- Шағын диалогті толықтырып құрастыра білу.
- Өзіндік ой пікірлер қалыптастыру.

Осы мақсатта түрлі оқу әрекеттері, сөйлеу, салыстыру, жинақтау, іздену, пікір айта алу, қайталау, талқылау жолдары көрсетіледі

Төменде әзірленген жұмыс дәптерінен үзінді келтіріледі:

3 БӨЛІМ. Таулар сыры. М.Мақатаев «Мен таулықпын»

1-тақырып Әдеби ертегі туралы

Ертегілердің әдеби ертегі деп аталатын түрі бар. Кәдімгі ертегілердің авторы белгісіз болса, әдеби ертегілердің авторы белгілі болады. Әдеби ертегілер ел аузында сақталған әңгіме, аңыздар негізінде пайда болады. Әдеби ертегілерге М.Жұмабаевтың «Жүсіп хан» [2, б.121], Ж.Аймауытовтың «Жаман тымақ» ертегілерін жатқызуға болады. Ә.Тәжібаевтың «Толағай» ертегісі де Толағай батыр туралы аңыздың желісіне құрылған.

Әбділда Тәжібаев

Қазақ әдебиетінің белгілі ақыны, драматургы Әбділда Тәжібаев 1909 жылы Қызылорда облысы, Теренөзек ауданында туған. Әкесінен ерте жетім қалған ол анасы мен нағашы атасының тәрбиесінде болады. Анасы арабша, қазақша сауатты, ақындығы бар адам болған. Атасы – әңгімешіл, ертектісі кісі еді.

1922 жылы Әбділда Тәжібаев Қызылордадағы жетім балалар интернатына орналасады. Қаладағы жеті жылдық мектепте оқып жүрген кезінде алғашқы өлеңдерін жаза бастайды.

1929-1931 жылдары болашақ ақын Қазақтың мемлекеттік педагогикалық институтында оқиды.

Ә.Тәжібаев «Адамға», «Мейірім», «Тнықсың, тимендер адамға» атты өлеңдерінде адамды сүю, оның еңбегін бағалауды басты тақырып етіп алған.

Ә.Тәжібаев – Мемлекеттік сыйлықтың лауретаты. Ақын шығармалары орыс тіліне аударылған.

1. Диалогті толықтырыңдар.

-----?

- Белгілі ақын, драматург, аудармашы, Мемлекеттік сыйлығының лауреаты.

-----?

- Анасы мен нағашы атасының тәрбиесінде болған.

-----?

- Мектепте оқып жүрген кезінде алғашқы өлеңдерін жаза бастайды.

2. Мәтіндегі ақпараттың дұрыстығын көрсетіңдер.

Ақпарат	Дұрыс	Бұрыс
Әбділла Тәжібаев 1908 жылы Қызылорда облысы, Тереңөзек ауданында туған.		
Әкесінен ерте жетім қалған ол анасы мен нағашы атасының тәрбиесінде болмады.		
Қаладағы төрт жылдық мектепте оқып жүрген кезінде алғашқы өлеңдерін жаза бастайды.		
Ә.Тәжібаев – Мемлекеттік сыйлықтың лауретаты. Ақын шығармалары орыс тіліне аударылған.		

3. Берілген ертегілердің тақырыптарын анықтаңдар.

Ертегілер	Шыншыл	Тұрмыс салт	Қиял ғажайып	Жануарлар туралы
Түлкі мен қырғауыл				
Мақта қыз бен мысық				
Қожанасыр				
Ертөстік				

Күтілетін нәтиже:

1. Оқушылардың пәнге деген танымдық, шығармашылық қабілеті дамиды, сабаққа деген қызығушылықтары оянады.

2. Оқушыларда өздеріне деген сенім, үлкен жауапкершілік пайда болады. Өздерін дара тұлға ретінде сезініп, көп білуге ізденеді.

Әдістемелік құрал материалдарын құрастырғанда ҚР Білім және ғылым министрлігінің өзге тілді ұлт мектептеріне арналған білім беру стандарттары мен типтік бағдарламалары талаптары басшылыққа алынды.

Жұмыс дәптерінің тапсырмалар негізінде қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеп дайындауға болады.

Аталған жұмыс дәптері ақын туындыларын оқыта отырып, әдебиетті оқу және айтып беру қажеттіліктерін қалыптастырады, тілге әрі көркем шығармаларды оқуға қызығушылықтарын арттырады, білімдерін пысықтайды, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін аша түсіп білімдерін тереңдете түседі деген пікірдеміз.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министріміндетін атқарушысының 2017 жылғы 25 қазандағы № 545 бұйрығына 6-қосымша Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған "Қазақ тілі мен әдебиеті" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде емес)

2. С.Ч.Тұрсынғалиева, Ә.С. Берекенова «Қазақ әдебиеті» оқыту орыс тілінде жүргізілетін жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық. Астана-«Арман-ПВ», 2015 ж.

3. Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т.Дәулетбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, А.Н.Юсуп «Қазақ тілі мен әдебиеті». «Бәйшешек». Оқулық. Қазақ тілінен басқа тілде оқытатын 11 жылдық жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған. – Алматы: Көкжиек – Горизонт, 2018.

Какетаева А.С.

КГУ «Гимназия №97» города Караганды

ФОРМИРОВАНИЕ ЧИТАТЕЛЬСКОЙ ГРАМОТНОСТИ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ

Аннотация. В настоящее время понятие «функциональная грамотность» прочно укрепилось на образовательных просторах. Все большее внимание педагога уделяется тому, чтобы пересмотреть отношение к процессу обучения подрастающего поколения, выбрать оптимальные методики и приемы для обучения.